




BOSCH

Пайдалану жөніндегі басшылық

Газды конденсациялық құралы

Condens 7000iW

GC7000iW 24 | GC7000iW 20/28 C | GC7000iW 30/35 C | GC7000iW 35 | GC7000iW 42



0010010588-001



Мазмұны

1	Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері.....	3
1.1	Таңбалардың мәні.....	3
1.2	Қауіпсіздікке қатысты жалпы нұсқаулар.....	3
2	Өнім туралы мәліметтер.....	5
2.1	Сәйкестік туралы мәлімдеме.....	5
3	Басқару.....	6
3.1	Құрылғыны қосу/өшіру.....	6
3.2	Басқару панеліне шолу.....	7
3.3	Дисплейдегі таңбалар.....	7
3.4	Жылытуды қосу.....	8
3.4.1	Жылыту жүйесін қосу.....	8
3.4.2	Ыстық судың максималды температурасын реттеу.....	8
3.5	Ыстық су дайындау процесін реттеуді орындаңыз.....	8
3.5.1	Ыстық су беру режимін қосу/өшіру.....	8
3.5.2	Жылы су температурасын реттеу.....	8
3.6	"Жаз" режимін қолмен қою.....	8
4	Термиялық дезинфекциялау.....	9
5	Қуат үнемдеу нұсқаулары.....	9
6	Ақаулар.....	10
6.1	Газ кранын ашу/жабу.....	10
6.2	Ақауды жою.....	10
7	Техникалық қызмет көрсету.....	10
8	Энергия тұтану, қоршаған ортаны қорғау және утилизация.....	11
8.1	Қоршаған ортаны қорғау және Қайта өңдеуге жіберу.....	11
9	Терминдер.....	11

1 Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері

1.1 Таңбалардың мәні

Ескертулер

Ескертулерде сигнал сөздер қауіптің алдын алу шаралары орындалмаған жағдайда салдарының түрі мен ауырлығын білдіреді.

Осы құжатта кездесуі мүмкін келесі сигналдық сөздердің сипаттамасы берілген:



ҚАУІП:

ҚАУІП ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті деңгейдегі қатерден жарақат алу мүмкін екендігін білдіреді.



ЕСКЕРТУ:

ЕСКЕРТУ ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті зиян келуі мүмкін екендігін білдіреді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ таңбасы жеңіл және орташа деңгейдегі жарақат алу қаупі бар екенін білдіреді.

ҰСЫНЫС:

ҰСЫНЫС материалдық шығын орын алуы мүмкін екенін білдіреді.

Маңызды ақпарат



Адамдардың өміріне төнетін қауіпке немесе материалдық зиянға қатысты емес маңызды ақпарат ақпараттық таңбамен белгіленеді.

1.2 Қауіпсіздікке қатысты жалпы нұсқаулар

⚠ Мақсатты топқа арналған нұсқаулар

Бұл пайдалану нұсқаулығы жылыту қондырғысын пайдаланатын ұйымға арналған.

Барлық нұсқаулықтардағы нұсқауларды сақтаған жөн. Нұсқауларды сақтамаған жағдайда материалдық шығындар мен адамдардың өлім қатеріне дейін әкелетін шығын болуы мүмкін.

- ▶ Басқаруды бастамас бұрын пайдалану нұсқаулығын (жылу генераторы, жылыту реттегіштері, т.б.) оқып шығып, сенімді жерде сақтаңыз.
- ▶ Қауіпсіздік техникасы мен ескертулерді қадағалаңыз.

⚠ Мақсаты бойынша пайдалану

Өнім тек суды қыздыру үшін немесе судың белгілі бір температурасын сақтау үшін ғана қолдануға болады.

Кез келген басқа пайдалану мақсатынан тыс қолдану деп саналады. Орын алған зақымдар үшін өндіруші жауап бермейді.

⚠ Газ иісі кезіндегі әрекеттер

Газ шыққанда жарылыс қаупі туындайды. Газ иісі шыққан жағдайда келесі жүріс-тұрыс ережелерін қадағалаңыз.

- ▶ Алау мен ұшқынның шығуына жол бермеңіз:
 - Шылым шегуге, автомобиль немесе сіріңке пайдалануға тыйым салынады.
 - Электр қосқыштарды қолданбаңыз, штекерлерді ажыратпаңыз.
 - Телефонмен сөйлесуге немесе қоңырау шалуға тыйым салынады.
- ▶ Басты блоктау құрылғысында немесе газ есептеуішінде газ беруді жабыңыз.
- ▶ Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- ▶ Барлық тұрғындарға хабарландырып, ғимаратты босатыңыз.
- ▶ Бөгде адамдардың ғимаратқа кіруіне жол бермеңіз.
- ▶ Ғимараттан тыс: өрт сөндіру қызметіне, полицияға және газбен қамтамасыз ету кәсіпорнына қоңырау шалыңыз.

⚠ Пайдаланылған газ шыққан кездегі улану қаупі

Пайдаланылған газ шыққанда жарылыс қаупі туындайды.

▶ Ешбір жағдайда газ беру құбырының пішінін өзгертуге болмайды.

Пайдаланылған газдар құбырына зақым келгенде немесе тығыз емес жағдайда не газ иісі шыққан жағдайда келесі жүріс-тұрыс ережелерін қадағалаңыз.

- ▶ Жылу генераторын өшіріңіз.
- ▶ Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- ▶ Барлық тұрғындарға хабарлап, ғимаратты дереу босатыңыз.
- ▶ Бөгде адамдардың ғимаратқа кіруіне жол бермеңіз.
- ▶ Тіркелген маманға хабарлаңыз.
- ▶ Кемшіліктерді дереу жойыңыз.

⚠ Көміртек тотығы өмірге қауіпті

Көміртек тотығы (CO) – бұл әсіресе мұнай, газ немесе қатты жанармай тәрізді қазба жанармайларының толық жануында өндірілген улы газ.

Көміртек тотығының ақаулық немесе шығып кету салдарынан жүйеден ағуы және үй-жайларда білінбей жиналып қалуы кезінде қауіп пайда болады.

Көміртек тотығын көру, дәмін тату немесе иісін сезу мүмкін емес.

Көміртек тотығынан пайда болатын қауіптердің алдын алу үшін:

- ▶ Жүйені үнемі тіркелген мамандандырылған кәсіпорынның көмегімен тексеріп және жөндеп тұрыңыз.
- ▶ СО шығысы туралы уақытылы ескертіп тұратын СО датчиктерін пайдаланыңыз.
- ▶ СО-шығысы күдіктелгенде:
 - Барлық тұрғындарға хабарлап, ғимаратты дереу босатыңыз.
 - Тіркелген маманға хабарлаңыз.
 - Кемшіліктерді дереу жойыңыз.

⚠ Тексеру және техникалық қызмет

Тазарту, қарап шығу немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстары жүргізілмеген немесе жеткіліксіз жүргізілген жағдайлар материалдық және/немесе адамдардың өлім қатеріне дейін әкелетін шығындарға әкелуі мүмкін.

- ▶ Жұмыстар тек ресми рұқсатқа ие маманданған кәсіпорынмен орындалуы керек.
- ▶ Кемшіліктерді тез арада жойыңыз.
- ▶ Ресми түрде рұқсат етілген мамандандырылған кәсіпорынның мамандарына жылына бір рет жылыту жүйесін қарап шығуды, сонымен қатар техникалық қызмет көрсету және тазарту бойынша қажетті жұмыстарды орындауды тапсыру қажет.
- ▶ Выполняйте чистку теплогенератора один раз в два года.
- ▶ Біз жылдық тексеру және қажеттілікке қарай техникалық қызмет көрсету мақсатында ресми түрде рұқсат етілген мамандандырылған кәсіпорынмен келісім жасасуға кеңес береміз.

⚠ Қайта жабдықтау және жөндеу

Жылу алмастырғыштың конструкциясын немесе жылыту қондырғысының басқа бөлшектерін өзгерту адамдардың жарақаттануына және/немесе материалдық зияндарға әкелуі мүмкін.

- ▶ Жұмыстар тек ресми рұқсатқа ие маманданған кәсіпорынмен орындалуы керек.
- ▶ Калорифер қабын ешқашан алып тастамаңыз.
- ▶ Калорифер конструкциясына немесе жылыту қондырғысының басқа бөлшектеріне өзгерістер енгізбеңіз.
- ▶ Сақтандырғыш клапандардың шығаратын саңылауын еш жағдайда жаппаңыз. Қызған кезде бойлері бар жылыту жүйелерінде бойлердің сақтандырғыш клапанына су кіруі мүмкін.

⚠ Бөлмедегі ауаға белгілі бір талаптар қоя отырып пайдалану

Егер калорифер жағу үшін ауаны бөлмеден алатын болса, орнату орны жақсы желдетілуі керек.

- ▶ Есіктерде, терезелерде және қабырғаларда желдету саңылауларын кішірейтуге немесе жабуға тыйым салынады.
- ▶ Маманмен сөйлескеннен кейін желдетуге қойылатын талаптардың қадағалануына көз жеткізіңіз:
 - құрылысы өзгерген жағдайда (мысалы, терезелер мен есіктерді ауыстыру)
 - пайдаланылған ауаны сыртқа шығара отырып, аспаптарды қосымша орнатқан жағдайда (мысалы, сорғыш желдеткіштер, асүй желдеткіштері немесе кондиционерлер).

⚠ Жағуға арналған ауа/бөлмедегі ауа

Қондырғы қойылатын бөлмедегі ауада тұтанғыш немесе химиялық агрессивті заттар болмауы керек.

- ▶ Оңай тұтанатын немесе жарылыс қауіпті материалдарды (қағаз, бензин, еріткіштер, бояулар, т.б.) жылу генераторының жанында қолдануға немесе сақтауға тыйым салынады.
- ▶ Коррозия тудыратын материалдарды (еріткіштер, желім, хлорлы тазартуға арналған құралдар т.б.) жылу генераторының жанында қолдануға немесе сақтауға тыйым салынады.

Аяздың кесірінен болған материалдық шығын

Егер жылыту қондырғысы аяздан қорғалмаған ғимараттың ішіне орнатылған болса **және** өшірілген болса, аяз кезінде қатып қалу қаупі пайда болады. Жылытудың жаздық немесе блокталған режимінде қатып қалу қаупі бар.

- ▶ Мүмкіндігінше жылыту құрылғысын әрқашан қосулы күйде және температураны 30 °C ұстаңыз,
-немесе-
- ▶ Жылыту жүйесі мен ауыз су құбырлары маман тарапынан ең төменгі нүктеден ағызылуы тиіс.
-немесе-
- ▶ Маманға жылыту суына антифриз қосуға және ыстық су айналымын ағызуға тапсырыс беріңіз.
- ▶ Қолданыстағы антифризге кепілдік берілгенін әр 2 жыл сайын тексеріңіз.

Тұрмыстық қолдану және соған ұқсас мақсаттар үшін электр аспаптарының қауіпсіздігі

EN 60335-1 стандартына сәйкес электр аспаптарынан қауіптерге жол бермеу үшін келесі нұсқаулар бар:

«Бұл аспапты бақылаумен немесе қауіпсіз пайдалану нұсқаулығын өтіп, осы аспапқа байланысты қауіптерді түсінетін жағдайда 8 жасқа толған балалар, сәйкесінше шектеулі физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі не білімі жеткіліксіз тұлғалар пайдалана алады. Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеңіз. Тазалау және техникалық қызмет көрсетуді балалар бақылаусыз орындамауы керек.»

«Егер желілік қорек кабелі зақымданған болса, қауіптерге жол бермеу үшін оны өндіруші сервистік қызмет қызметкерімен немесе ұқсас біліктілікке ие басқа тұлға арқылы ауыстыру қажет.»

Тұрмыстық қолдану және соған ұқсас мақсаттар үшін электр аспаптарының қауіпсіздігі

Электр құралын қолданудан зақым келтірмеу үшін келесі нұсқауларды қолдану қажет:

«Егер желілік қорек кабелі зақымданған болса, қауіптерге жол бермеу үшін оны өндіруші сервистік қызмет қызметкерімен немесе ұқсас біліктілікке ие басқа тұлға арқылы ауыстыру қажет.»

2 Өнім туралы мәліметтер

2.1 Сәйкестік туралы мәлімдеме



Бұл өнімнің құрылымы мен пайдаланылуы Еуропалық Кеден одағының директиваларына сәйкес келеді. Сәйкестілік жанындағы белгімен расталады.

3 Басқару

Бұл пайдалану нұсқаулығында жылу генераторын пайдалану әдісі сипатталған. Пайдаланылатын басқару блогына байланысты кейбір функцияларды басқару осы сипаттамадан өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан басқару блогын пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

3.1 Құрылғыны қосу/өшіру

Қосу

- Құрылғыны ажыратқышпен (→ 1-сурет) қосыңыз. Дисплей жанады және кішкене уақыттан кейін құрылғының температурасын көрсетеді.



Дисплейде  белгісі көрсетілсе, құрылғы конденсаттың сифонын толтыру үшін жылу шығару бойынша ең аз режимде 15 минут бойы қалады.

Өшіру

ҰСЫНЫС:

Құрылғы аяздан зақымдануы мүмкін!

Жылыту жүйесі ұзақ уақыт тұрған кезде қатып қалуы мүмкін (мысалы, электр қуатының ажыратылуы, қуат беруші кернеудің ажыратылуы, газдың дұрыс жеткізілмеуі, қазандықтың зақымдануы және тағы басқа).

- Жылыту жүйесінің әрқашан жұмыс істеуіне көз жеткізіңіз (әсіресе аяз кезінде).




Өшірулі құрылғыда блоктаудан қорғау жұмыс істемейді.

Блоктаудан қорғау ұзақ уақыт тұрғаннан кейінгі жылыту сорғысы мен 3-жүрісті клапанның жабысып қалуын болдырмайды.

- Құрылғыны ажыратқышпен (→ 1-сурет) өшіріңіз.

3.2 Басқару панеліне шолу



0010010506-001

Сурет 1 Басқару панелінің экраны ашық болған кездегі басқару панелі

- [1] Ажыратқышты қосу/өшіру
- [2] Диагностика интерфейсі
- [3] түймесі
- [4] Дисплей
- [5] + түймесі
- [6] **ok** түймесі
- [7] Манометр
- [8] түймесі
- [9] - түймесі
- [10] түймесі
- [11] **reset** түймесі
- [12] түймесі
- [13] түймесі

3.3 Дисплейдегі таңбалар

Таңба	Түсіндірме
	Ыстық суды қыздыру режимі қос.
	Ыстық суды қыздыру режимі өшір.
	Жылыту режимі қос.
	Жылыту режимі өшір.
	Күн батареясынан жұмыс істеу режимі
	Сыртқы температурада жұмыс істеу режимі (сыртқы температура датчигі бар реттеу жүйесі) 1)
	Тұрба тазартушы жұмысы
	Ақау
	Қызмет көрсету режимі
	Жанарғы режимі
	Температуралық блок
	Сақталды
	Басқа мәзірді/қызметтік функцияларды , беттерді + түймесі мен - түймесі арқылы көрсету

1) Барлық құралда көрсетілмейді

Кесте 1 Дисплейдегі таңбалар (→ 1-сур.)

3.4 Жылытуды қосу

3.4.1 Жылыту жүйесін қосу

- ▶  түймесін дисплейде  немесе  таңбасы жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
- ▶ Жылыту режимін қосу немесе өшіру үшін **+** немесе **-** түймесін басыңыз:
 -  = жылыту режимі
 -  = жылыту өшірілген



Егер «жылыту режимі» орнатылмаған болса, «жылыту режимін қосылған реттеу жүйелерімен іске қосуға болмайды».

- ▶ Реттеулерді сақтау үшін **ok** түймесін басыңыз.
 таңбасы қысқа уақытқа пайда болады.
 Қосулы жанарғыда таңба шығады .

3.4.2 Ыстық судың максималды температурасын реттеу

Жылы су температурасы беру температурасы арқылы реттеледі. Берілістегі макс. температура 30 °C – 82 °C дейін қойылуы мүмкін¹⁾ орнатылған. Ағымдағы берілу температурасы дисплейде көрсетіледі.



Едендерді жылыту кезінде берудегі рұқсат етілген максималды температураны сақтаңыз.

Жылытудың қосулы режимінде:

- ▶  түймешігін басыңыз.
Дисплейде орнатылған максималды температура және  таңба жыпылықтайды.
- ▶ Берілістегі қажетті максималды температураны қою үшін **+** немесе **-** түймесін басыңыз.

Беру температурасы	Қолдану үлгісі
50-ескертпе °C	Едендерді жылыту
75-ескертпе °C	Радиаторларды қыздыру
82-ескертпе °C	Конвекторларды қыздыру

Кесте 2 Максималды берілу температурасы

- ▶ Реттеулерді сақтау үшін **ok** түймесін басыңыз.
 таңбасы қысқа уақытқа пайда болады.

3.5 Ыстық су дайындау процесін реттеуді орындаңыз

3.5.1 Ыстық су беру режимін қосу/өшіру

- ▶  түймесін дисплейде  немесе  таңбасы жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
- ▶ Ыстық су берудің қажетті режимін орнату үшін **+** немесе **-** түймесін басыңыз:
 -  = ыстық су беру режимі
 -  + **eco** = eco режимі
 -  = ыстық су беру режимі жоқ



Егер «Ыстық су беру режимі» орнатылмаса, ыстық су беру режимін қосылған реттеу жүйелерімен іске қосуға болмайды.

- ▶ Реттеулерді сақтау үшін **ok** түймесін басыңыз.
 таңбасы қысқа уақытқа пайда болады.
 Қосулы жанарғыда таңба шығады .

Ыстық су беру немесе эко-режимі?

Для GC7000iW ...-приборов с бойлером:

- **Ыстық су беру режимі**
Егер бойлердегі температура көрсетілгеннен 5 K (°C) артық төмендесе, бойлер қайтадан көрсетілген температураға дейін қызады. Осыдан кейін құрылғы жылыту жүйесіне ауысады.
- **Эко-режимі**
Егер бойлердегі температура көрсетілгеннен 10 K (°C) артық төмендесе, бойлер қайтадан көрсетілген температураға дейін қызады. Осыдан кейін құрылғы жылыту жүйесіне ауысады.

GC7000iW ... C-құрылғылары үшін:

- **Ыстық су беру режимі**
Құрылғының температурасы әрқашан көрсетілген мәнді ұстайды. Сондықтан ыстық суды шамалы уақыт күтуіңіз мүмкін. Сондықтан құрылғы ыстық суды тарту болмаған кезде қосылады.
- **Эко-режимі**
Белгіленген температураға дейін жылыту ыстық су тарту басталғанда болады.

3.5.2 Жылы су температурасын реттеу



ЕСКЕРТУ:

Бумен күйіп жарақаттану қаупі бар!

- ▶ Қарапайым режимде температураны 60 °C-тан жоғары қоймаңыз.

- ▶  түймешігін басыңыз.
Белгіленген температураның көрсеткіші жыпылықтай бастайды.
- ▶ Ыстық су берудің қажетті температурасын белгілеу үшін **+** немесе **-** түймесін басыңыз.
- ▶ Реттеулерді сақтау үшін **ok** түймесін басыңыз.
 таңбасы қысқа уақытқа пайда болады.

3.6 "Жаз" режимін қолмен қою

Жазда пайдалану кезінде жылыту жүйесінің сорғысы және сол арқылы жылыту жүйесі өшіріледі. Ыстық су беру, реттеу жүйесінің қуаты қосулы күйде қалады.

"Жаз" қол режимін қосу/өшіру:

- ▶ Қосу үшін:  түймесін дисплейде  белгісі жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
- ▶ Өшіру үшін:  түймесін дисплейде  белгісі жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
- ▶ Реттеулерді сақтау үшін **ok** түймесін басыңыз.
 таңбасы қысқа уақытқа пайда болады.

Қосымша нұсқауларды реттеу жүйелерін пайдалану нұсқауларынан табасыз.

1) Максималды мәнді қызмет көрсету технигі түсіруі мүмкін.

4 Термиялық дезинфекциялау

Жылы судың бактериялармен, мысалы, легионеллалармен ластануына жол бермеу үшін, ұзақ уақыт тұрып қалған суға термикалық залалсыздандыру жасау ұсынылады.

Жылытуды реттегішті ыстық суды реттеу жүйесімен қыздыру арқылы залалсыздандыру орындалатындай етіп бағдарламалай аласыз. Балама ретінде залалсыздандыруды залалсыздандыру маманына орындатуыңызға болады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Бумен күйіп жарақаттану қаупі бар!

Қыздырып залалсыздандыру кезінде ыстық суды төгу бумен қатты күйіп қалуға себепші болуы мүмкін.

- ▶ Қыздырып залалсыздандыру үшін ыстық судың ең жоғарғы орнатуға болатын температурасын қолданыңыз.
- ▶ Бумен күйу қаупінің бар екенін үй тұрғындарына ескертіңіз.
- ▶ Термикалық залалсыздандыруды құрылғының әдеттегі қолданыс уақытынан тыс кезде орындаңыз.
- ▶ Ыстық суды араластырылмаған күйде төкпеңіз.

Тиісті термикалық залалсыздандыру жылы су жүйесін қоса қамтиды, соның ішінде су жиналатын орындарды қосқанда.

- ▶ Жылытуды реттегіштің ыстық су бағдарламасында қыздырып залалсыздандыру параметрлерін реттеңіз (→ жылытуды реттегішті пайдалану нұсқаулығы).
- ▶ Жылы су жиналатын орындарды жабыңыз.
- ▶ Циркуляциялық сорғыны (бар болса) үздіксіз жұмыс режиміне қойыңыз.
- ▶ Максималды температураға жеткен жағдайда: кезекпен, ең жақын су жинау орнынан ең алыстағы су жинау орнына қарай 3 минут бойы су ағызып, жылы су температурасы 70 °C-қа жеткенше күтіңіз.
- ▶ Бастапқы реттеулерді қалпына келтіріңіз.

5 Қуат үнемдеу нұсқаулары

Үнемдеп жылыту

Құрылғы жұмыс істеуге ыңғайлы болумен қатар электр қуатын аз тұтынатындай және қоршаған ортаға аз салмақ салатындай етіп жасалған. Жанарғыға газдың берілуі жылу қажеттілігіне сәйкес реттеледі. Егер жылуға қажеттілік төмендесе, аспап бәсең алаумен жұмыс істейді. Мамандар бұл процесті "үздіксіз реттеу" деп атайды. Үздіксіз реттеудің арқасында температуралық ауытқулар азаяды және жылу бөлмелерде әлдеқайда біркелкі тарайды. Мүмкін үздіксіз жұмыс істеп тұрған құрылғы қосылып өшіріліп тұратын құрылғыға қарағанда газды аз жұмсайды.

Жылытуды реттеу

Жылыту қондырғысының оңтайлы өнімділігі мақсатында бөлменің ішкі және сыртқы температурасын таңдау мүмкіндігін беретін температура реттегішін, сондай-ақ клапандық термостатты пайдалануға кеңес береміз.

Термостат клапандары

Ғимарат ішінде қажетті температураға қол жеткізу үшін термостаттың вентилін толық ашыңыз. Егер ұзақ уақыттан кейін қажетті температура болмаса, реттегіште қажетті температураны көтеріңіз.

Едендерді жылыту

Орнатушы кеңес берген жылу таратушының ең жоғары температурасынан жоғары реттемеңіз. Біз сыртқы температураны басқаратын реттегіш құралды пайдалануды ұсынамыз.

Желдету

Желдету кезінде термостаттарды жабыңыз да терезелерді ашыңыз. Желдету үшін терезелерді айқара ашық қалдырмаңыз. Кері жағдайда жылу ұдайы жылыстап отырады, ал бөлмедегі ауа қажетті мәнге дейін жыли алмайды.

Жылы су

Жылы су температурасын үнемі мүмкіндігінше төмен қойыңыз. Үнемі жылы судың мүмкін болатын температурасын таңдаңыз. Сонымен қатар, жылы судың жоғары температурасы ізбестің жоғары көлемде түзілуіне әкеліп, аспаптың жұмыс қабілетін әлсіретеді (мысалы, ұзақ уақыт қыздыру немесе шығыстың аз болуы).


Циркуляциялық сорғы

Егер ыстық судың айналым сорғысы болса, оны қалауыңызша таймер-бағдарлама арқылы реттеңіз (мыс., таңертең, түсте, кешке қосу).

6 Ақаулар

6.1 Газ кранын ашу/жабу


- ▶ Тұтқасын басып, оны барынша солға қарай бұраңыз (ағыс бағытындағы тұтқа = ашық).
- ▶ Тұтқасын басып, оны барынша оңға қарай бұраңыз (ағысқа көлденең тұтқа = жабық).



Сурет 2 Газ кранын ашыңыз

6.2 Ақауды жою

⚠ таңбасы ақаудың пайда болғанын білдіреді. Ақау себебі кодпен беріледі (мыс., ақау коды **EA 227**).



Сурет 3 Ақау кодының үлгісі

- ▶ Құрылғыны өшіріп қосыңыз.

-немесе-

- ▶ **Қалпына келтіру** түймесін **Reset** пайда болғанша басыңыз. Құрылғы қайтадан жұмыс режиміне өтіп, берілу температурасы көрсетіледі.

Егер ақауды жою мүмкін болмаса:

- ▶ Қызмет көрсету орталығына немесе мамандандырылған мекемеге хабарласыңыз.
- ▶ Ақау коды мен құрылғының мәліметтерін хабарлаңыз.

Құрылғының деректері

Құрылғының белгісі ¹⁾	
Сериялық нөмірі ¹⁾	
Қолданысқа енгізілген күні	
Қондырманың өндірушісі	

1) Сипаттамаларды басқару панелінің зауыттық тақтайшасынан таба аласыз.

Кесте 3 Ақау болған жағдайда берілетін құрылғы деректері

7 Техникалық қызмет көрсету

Тексеру және техникалық қызмет

Қолданушы жылыту қондырғысының қауіпсіздігі мен экология талаптарына сәйкестігіне жауап береді.

Реттеу тексерулері мен техникалық қызмет көрсету жылыту қондырғысының қауіпсіз әрі экологиялық зиянсыз пайдаланудың міндетті шарттары болып табылады.

Біз ресми рұқсатқа ие мамандандырылған кәсіпорымен жыл сайынғы тексеру және қажетінше техникалық қызмет жөнінде келісім-шарт жасауды ұсынамыз.

- ▶ Жұмыстар тек ресми рұқсатқа ие маманданған кәсіпорымен орындалуы керек.
- ▶ Анықталған ақауларды дереу жойып отырыңыз.

Қаптамаларды тазалау

Агрессивті немесе зиянды тазалау құралдарын қолданбаңыз.

- ▶ Ылғал шүберекпен қаптамаларды сүртіңіз.

Жылытудың жұмыс қысымын тексеріңіз

Әдетте жұмыс қысымы 1–2 барды құрайды.

Егер әлдеқайда жоғары жұмыс қысымы қажет болса, өз маманыңыздан қажетті мәнді сұраңыз.

- ▶ Нақты манометрдегі жұмыс қысымының мөлшерін есептеңіз (→ 1-сур., 7-бет).

Жылы сумен толтыру

Ыстық сумен толтыру әр жылыту жүйесінде әр түрлі. Сондықтан ол туралы маманнан сұраңыз.

ҰСЫНЫС:

Температура кернеулері кезіндегі материалдық шығын!

Салқын күйде ыстық сумен толтырған кезде, ыстық қазандағы температура кернеулері жарықшақтар пайда болуына әкелуі мүмкін.

- ▶ Жылыту құрылғысын тек суытылған кезде толтырыңыз. Максималды берілу температурасы 40 °C.

Ыстық судың максималды температурасында **максималды қысымды** 3 бардан арттыруға тыйым салынады (сақтандырғыш клапан ашылады).

Жылыту қондырғысынан ауаны шығарыңыз

Если нагревательный элемент (Жылытқыш) нагревается неравномерно:

- ▶ Жылытқыштағы ауаны шығарыңыз.

Гелий қондырғылары үшін: қондырғыны жылу тасымалдағышпен үстеп толтырыңыз

Жылу тасымалдағышты үстеп толтыруға маманның ғана рұқсаты бар.

Максималды қысым 6 бар, гелий қондырғысы максималды температурада болған кезде арттыруға рұқсат етілмейді (клапан сақтандырғышы ашық).

8 Энергия тұтану, қоршаған ортаны қорғау және утилизация

8.1 Қоршаған ортаны қорғау және Қайта өңдеуге жіберу

Қоршаған ортаны қорғау — Bosch компаниялар тобының кәсіпкерлік принципі болып табылады

Өнім сапасы, үнемділік және қоршаған ортаны қорғау біз үшін маңыздылығы бірдей мақсаттар болып табылады. Біз қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдар мен ережелерді қатаң қадағалаймыз.

Қоршаған ортаны қорғау үшін үнемділікпен қатар, ең үздік технологиялар мен материалдарды қолданамыз.

Қаптама

Қаптамаға қатысты айтарымыз, біз оңтайлы қайта өңдеу шарттарын ұсынатын жергілікті қаптама жасау мекемелерімен бірге қызмет етеміз.

Қолданылатын барлық қаптамалар қоршаған ортаға қауіпсіз және қайта өңдеуге жарамды.

Қызмет көрсету мерзімі аяқталған жабдықтар

Ескі құрылғылар құрамында қайта өңделе алынатын бағалы заттар бар.

Түйіндер оңай ажырайды. Пластмасса элементтер таңбаланған. Осылайша әр түрлі түйіндерді сұрыптап, оларды екінші рет пайдалануға немесе қайта өңдеуге жіберуге болады.

9 Терминдер

Жұмыс қысымы

Жұмыс қысымы — жылыту құрылғысындағы қысым.

Газды жылыту құрылғысы

Газды жылыту құрылғысы жанған газдың өлшенетін температурасы ретінде пайда болатын жылуды ғана емес, сонымен бірге су буының жылуына пайдаланады. Сондықтан газды жылыту құрылғыларында пайда әсер коэффициенті жоғары болады.

Ағу принципі

Су құрылғы арқылы өткенде қызады. Шетмойынның ең жоғарғы қысымына қосымша күту кезеңінсіз немесе қыздыру жұмысы режимін тоқтатусыз қысқа уақыт ішінде қол жеткізіледі.

Жылытуды реттегіш

Жылытуды реттегіш сыртқы температураға қарай (сыртқы температура реттегіштері үшін) немесе таймер бағдарламасы бар ғимарат ішіндегі температураны автоматты реттеуді қамтамасыз етеді.

Обратный трубопровод системы отопления

Жылыту жүйесінің кері жүрісі — құбырдың температурасы төмендетілген желілік су қыздыру бетінен құрылғыға кері ағатын жері.

Жылыту жүйесінің су беру құбыры

Жылыту жүйесінің су беру құбыры — құбырдың температурасы жоғары желілік су құрылғыдан қыздыру бетіне ағатын жері.

Жылыту жүйесіндегі су

Желілік су — жылыту құрылғысын толтыратын су.

Термостат клапаны

Термостат клапаны — температураны тұрақтандыру мақсатында қоршаған орта температурасына байланысты клапан арқылы азайтылған не күшейтілген су ағынымен қамтамасыз ететін температураның механикалық реттегіші.

Сифон

Сифон — судың бұрылуын қамтамасыз етуге арналған, сақтандырғыш клапаннан келетін иістерді өткізбейтін құрылғы.

Беріліп жатқан температура

Су беру құбырындағы температура — қызған желі суы құрылғыдан қыздыру бетіне ағатын кездегі температура.

Айналым сорғысы

Айналым сорғысы жинағыш пен іріктеу нүктесі арасында ыстық су айналымының болуын қамтамасыз етеді. Осылайша, іріктеу нүктесінде дереу ыстық су болады.

